

Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № а-1/2 қаулысы. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № а-4/65 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 14.04.2022 № а-4/65 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес, Біржан сал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Біржан сал ауданы әкімінің орынбасары К.Д. Шаймерденовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.Есжанов

Біржан сал ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "14" қаңтардағы
№ а-1/2 қаулысымен
бекітілген

Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бірыңғай сәулет келбеті (бірыңғай сәулеттік стиль) – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс салу ауданына тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады;

2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу – мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөнделетін

объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

7) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат;

8) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар дара (бөлек) меншікте болады, ал дара (бөлек) меншікте емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;

9) көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауын және дауыс беру арқылы қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы;

10) нобай (нобайлық жоба) – жобалық (жоспарлық, кеңістіктік, сәулеттік, технологиялық, конструкциялық, инженерлік, әшекейлік немесе басқа) шешімнің оңайлатылған, схема, сызба, бастапқы сұлба (сурет) нысанында орындалған және осы шешімнің түпкі ойын түсіндіретін түрі.

2-тарау. Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі

3. Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулеттік келбетін әзірлеуді ауданның сәулет ісі жөніндегі жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесімен жүзеге асырылады. Степняк қаласының, ауылдық округтердің және ауылдардың әкімдері бірыңғай сәулет келбетінің нобайы бекітілгенге дейін көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін таныстырады.

4. Біржан сал ауданының Степняк қаласының және ауылдарының бірыңғай сәулет келбетінің нобайларын Біржан сал ауданының әкімдігі бекітеді.

5. Степняк қаласының, ауылдық округтердің және ауылдардың әкімдері бірыңғай сәулет келбетінің нобайы бекітілгеннен кейін бір айдан аспайтын мерзімде мынадай жұмыстарды ұйымдастырады:

1) көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін жоспарланатын жұмыстар және оларды жүргізудің болжамды мерзімдері туралы хабардар ету;

2) көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуге келісім беру немесе келіспеу туралы шешімдер қабылдау үшін жиналыстарды ұйымдастыру.

6. Жиналыстар Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамасына сәйкес көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттеріне, шатырларына ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуге келісу немесе келіспеу туралы шешім қабылдайды.

Қажет болған жағдайда жиналыстар шексіз рет, сондай-ақ Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге мүдделі мамандар мен өзге де тұлғаларды шақырыла отырып өткізілуі мүмкін.

7. Жиналыста теріс шешім қабылданған жағдайда, Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған осы көппәтерлі тұрғын үйдің қасбетін, шатырын ағымдағы немесе күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілмейді.

3-тарау. Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі

8. Жиналыстың оң шешімі қабылданған жағдайда Біржан сал ауданының "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес, Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған жұмыстардың құрамы мен көлемін белгілеу, қасбетін, шатырын жөндеу (ағымдағы немесе күрделі) түрін айқындау үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

Көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жағдайын тексеру табиғи тозу дәрежесін белгілеу мақсатында орындалады.

9. Көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жай-күйін тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі ағымдағы жөндеудің сметалық есебін немесе тиісті жобалар бойынша сараптама қорытындысын ала отырып, күрделі

жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

10. Бірінші кезекте Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шаралар табиғи тозу дәрежесі неғұрлым жоғары көппәтерлі тұрғын үйлерде жүргізіледі.

11. Тексеру мен жобалауды сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында тиісті лицензиялары бар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес анықталатын мамандандырылған ұйымдар орындайды.

12. Ағымдағы жөндеудің сметалық есебін және күрделі жөндеуді жобалауды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қолданыстағы заңнаманы мен нормативтерді басшылыққа алу қажет.

13. Тиісті сараптамадан немесе көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін және (немесе) шатырларын ағымдағы жөндеудің сметалық құнынан өткен күрделі жөндеу жобалары бекітілгеннен кейін бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасайды және ұсынады.

14. Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі жүзеге асырады.

15. Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулет келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдау техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларды тарта отырып, кодноминиум өкілімен бірлесіп жүзеге асырылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

16. Біржан сал ауданының Степняк қаласына және ауылдарына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

